

**"Байланыс операторларының қалааралық қосылыстарды секундпен тарифтеу және телекоммуникацияның өзара іс-әрекет ететін желілері арасындағы трафикті енгізуі туралы" Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 74-б және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 14 мамырдағы N 233-НҚ бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 90-п, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 сәуірдегі N 119-П Бірлескен бұйрықтары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 6 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3548. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2009 жылғы 28 мамырдағы N 233, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2009 жылғы 4 маусымдағы N 177-НҚ және Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009 жылғы 11 маусымдағы N 211-НҚ бірлескен бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің 2009.05.28 N 233, ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) 2009.06.04 N 177-НҚ және ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2009.06.11 N 211-НҚ бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 ақпандағы N 168 Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 4.5-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. "Байланыс операторларының қалааралық қосылыстарды секундпен тарифтеу және телекоммуникацияның өзара іс-әрекет ететін желілері арасындағы трафикті енгізуі туралы" Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 74-б және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 14 мамырдағы N 233-НҚ бірлескен бұйрығына (Нормативті құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2894 тіркеуге алынған, Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының м.а. 2004

жылғы 22 қыркүйектегі N 203-б және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының м.а. 2004 жылғы 24 қыркүйектегі N 390-НҚ бірлескен бұйрығымен өзгерістер енгізілген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының байланыс операторлары:

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап тарифтеудің 10 секундтық қадамымен желі ішінде қалааралық (аймақішілік) қосылыстарды секундпен тарифтеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н \* .

2005 жылдың 1 шілдесінен бастап, халықаралық телефон трафигін қоспағанда , тарифтеудің 10 секундтық қадамымен байланыс операторларының өзара іс-әрекет ететін телекоммуникация желілері арасында трафикті секундпен т а р и ф т е у г е к ө ш с і н .

---

Ескерту: тарифтеудің 10 секундтық қадамы - қосылыс аралығының әрбір толық және толық емес 10 секунды."

2 ) 3 - т а р м а қ т а ғ ы :

"2005 жылдың 1 қаңтарына дейін" деген сөздер "2006 жылдың 1 қаңтарына дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

тармақ мынадай мазмұндағы 2-абзацпен толықтырылсын:

"Сертификатталған жабдығы және есепке алудың аппараттық-бағдарламалық құралдары, және трафикті өлшеудің тексеруден өткен құралдары бар қосатын байланыс операторлары қосылатын байланыс операторында аталған құрал-жабдықтар жоқ болған жағдайда қосу шартына сәйкес өткізілетін трафиктердің есепке алынуын және биллингін қамтамасыз етсін".

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігінің Байланыс саласындағы мемлекеттік саясат департаменті ( А.А.Сейтімбеков) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Д.С.Оразалиновке және Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары А.П.Нефедовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
А қ п а р а т т а н д ы р у ж әне б а й л а н ы с

*жөніндегі агенттігінің*

*Төрағасы*

*Қазақстан Республикасының  
Табиғи монополияларды реттеу  
жөніндегі агенттігінің*

*Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК